

С.С. Ыдырыс¹, Б.Д. Бекназаров^{2*}

¹ э.ғ.д., профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ. Қазақстан

²аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

***Корреспондент авторы:** bakyyt.8080@mail.ru

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Түйін

Зерттеу мақаласында Қазақстандағы жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуына әсер ететін негізгі экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және институционалдық факторларды анықтауға және талдауға бағытталған. Сонымен қатар, жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткіштерінің ұлттық экономикаға ықпалын зерттеу көзделді. Зерттеу нәтижелері жұмыс күшінің тиімділігін арттыру және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясатты жетілдіруге ұсыныстар жасауға негіз болады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың даму үдерістері, еңбек нарығының даму қарқынын тежейтін мәселелер мен факторлар келтірілген. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың теориялық –әдістемелік негіздерін, оның негізгі мәселелерін қарастыра келе оның нормативтік-құқықтық негіздерін жетілдіру, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәртебесін нақтылау, жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету қажеттілігі жөнінен ұсыныстар беру.

Кілттік сөздер: жұмыссыздық; өзін-өзі жұмыспен қамту; экономика; экономикалық тұрақсыздық; еңбек қызметі.

Кіріспе

Қазіргі экономикалық даму жағдайында қоғамдағы жұмыссыздық деңгейі мен өзін-өзі жұмыспен қамтуға әсер ететін факторларды зерделеу барған сайын өзекті бола түсуде. Жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту еңбек нарығының өзара тығыз байланысқан, әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерімен сабақтасқан негізгі элементтері болып табылады. Бұл мәселе қазіргі кезеңдегі технологиялық өзгерістер, экономикалық тұрақсыздық және әлеуметтанулық-мәдени, цифрлық трансформациялар сияқты жаһандық сын-қатерлер аясында айрықша маңызға ие болып отыр.

Еңбек нарығының тұрақтылығы экономикалық әл-ауқаттың ажырамас бөлігі саналады. Жұмыссыздыққа әсер ететін факторларды терең түсіну оны азайтуға және жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жұмыссыздықтың салдары ретінде әлеуметтік және экономикалық теңсіздік туындауы мүмкін. Осыған байланысты, өзін-өзі жұмыспен қамтуға ықпал ететін факторларды зерттеу бұл еңбек қызметінің балама түрі ретінде аталмыш форманың ресми жұмыспен қамтудың орнын басу әлеуетін және тұрақты табыс көзіне айналу мүмкіндігін бағалауға жол ашады [1].

Жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтуға әртүрлі факторлардың ықпалын түсіну еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің тиімді стратегияларын, соның ішінде салықтық саясат пен әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірлеу үшін аса маңызды.

Осы зерттеудің мақсаты жұмыссыздық деңгейіне және өзін-өзі жұмыспен қамтуға әсер ететін негізгі факторларды анықтау мен талдау, олардың өзара байланысын, сондай-ақ қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік үдерістерге ықпалын бағалау болып табылады. Жүргізіліп жатқан нәтижелер мемлекеттік саясатты оңтайландыруға және еңбек нарығының тұрақты дамуына қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Қазіргі жаһандық кеңістікте мемлекеттердің ішкі саясаты жұмыссыздық, климаттың өзгеруі, эпидемиялар, экономикалық дағдарыс сияқты тұрақтылыққа қауіп төндіретін

мәселелерді шешуге байланысты болып, олардың шешімі үшін ынтымақтастықты қажет етеді.

Соңғы отыз жыл ішінде жұмыссыздық мәселесі тек дамушы ғана емес, дамыған елдерде де ең өзекті проблемалардың біріне айналды. Жұмыссыздық кең көлемді кедейшілікке, жалақының төмендеуіне әкеліп, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Қазіргі экономикалық динамика қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты мен тұрақтылығына әсер ететін көптеген құбылыстарды қамтиды. Солардың ішінде, жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту мәселелері ерекше назар аударуды және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Жаһандық экономикадағы тұрақсыздық пен технологиялық прогрестің үдемелі даму жағдайында жұмыспен қамту және еңбек формаларына қатысты мәселелер барған сайын өзектілігін арттырып, кешенді тәсілдемені талап етеді.

Жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту экономикалық салаға айтарлықтай әсер етеді. Жоғары жұмыссыздық деңгейі тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне, әлеуметтік тұрақтылықтың бұзылуына және мемлекеттік әлеуметтік жүйелерге түсетін жүктеменің артуына әкелуі мүмкін. Екінші жағынан, өзін-өзі жұмыспен қамту инновациялар мен жаңа кәсіпкерлік идеялардың көзі бола алады.

Жұмыспен қамту мәселелері әлеуметтік қатынастарға елеулі ықпал етеді. Жұмыссыздық әлеуметтік теңсіздіктің артуына, маргинализацияға және кедейліктің көбеюіне себеп болуы ықтимал. Ал өзін-өзі жұмыспен қамту жеке тұлғаларға жаңа мүмкіндіктер ұсынуы мүмкін[2].

Сонымен қатар, өзін-өзі жұмыспен қамту жеке тұлғаларға табыс табу мүмкіндігін берумен қатар, еңбек жағдайларының тұрақсыздығын тудыруы мүмкін.

Технологиялардың дамуы еңбек нарығының құрылымын өзгертуде. Автоматтандыру мен цифрландыру кейбір еңбек салаларын жоюға әкелуі ықтимал, бұл жұмыссыздық деңгейіне әсер етеді. Сол уақытта онлайн-платформалар мен технологиялық инновациялар өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтуде.

Теориялық талдау

Зерттеудің өзектілігі жұмыспен қамтуды қолдау мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік және корпоративтік саясатты тиімді әзірлеу және енгізу қажеттілігінде.

Жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтуға әсер ететін негізгі факторларды түсіну тұрақты стратегиялар мен саяси шаралар жасау үшін маңызды болып табылады.

Осылайша, жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту экономикалық әсерін зерттеу қоғамның тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеу үшін терең талдауды талап ететін өзекті және маңызды міндет болып табылады.

Еңбек нарығы бұл белгілі бір аймақ шеңберінде еңбек қызметтеріне деген ұсыныс пен сұранысты салыстыруға және оңтайландыруға мүмкіндік беретін негізгі территориялық әлеуметтік-экономикалық құрылым болып табылады[3].

Еңбек ресурстарын тиімді пайдалану ұйым персоналының қызметіне әсер ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Демографиялық факторлар әлеуметтік-экономикалық дамудың функциясы ретінде экономикалық өсімге айтарлықтай ықпал етеді.

Халық санының динамикасын бағалағанда жалпы сан мен өсім ғана емес, оның жас құрылымы, салалық жұмыспен қамтылуы, білім деңгейі мен кәсіби даярлығы — яғни еңбек ресурстарының сапасы да маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, еңбек нарығындағы қазіргі заманғы тенденциялардың бірі өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың пайда болуы. Бүгінгі таңда жаһандық экономикалық өзгерістер мен еңбек нарығының трансформациясы өзін-өзі жұмыспен қамту сияқты жаңа еңбек қызметі түрінің дамуына ықпал етуде, оның негізінде.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды еңбек ресурстарының самоұйымдасуы мен мобильділігінің өсуі сипаттайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар деп тәуелсіз еңбек қызметімен айналысатын, өз өндірген тауарлары мен қызметтерін жүзеге асыратын және жалдамалы қызметкерлері жоқ тұлғалар аталады.

Тәжірибелік бөлім

Өзін өзі жұмыспен қамту бұл адам өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырып, жұмыс берушіден тәуелсіз түрде табыс табуы. Бұл құбылыс әлемнің әр түрлі елдерінде әр түрлі жолдармен дамыған. Шетелдік тәжірибелерді қарап, өз еліміздегі өзін өзі жұмыспен қамтуды жетілдіруге болады.

Шетелдік тәжірибеде өзін өзі жұмыспен қамту ерекшеліктеріне тоқаталар болсақ бұл үрдіс бойынша АҚШ өзін өзі жұмыспен қамту өте кең тараған. Көптеген адамдар фрилансер, жеке кәсіпкер, немесе шағын бизнес иесі болып жұмыс істейді. Мемлекет кәсіпкерлерге және өзін өзі жұмыспен қамтылғандарға арнайы жеңілдіктер мен салықтық жеңілдіктер ұсынады. Ал Еуропа елдерінің тәжірибесінде өзін өзі жұмыспен қамту әлеуметтік қорғау жүйесімен тығыз байланысты. Мысалы, Германияда өзін өзі жұмыспен қамтушылардың әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қосылуы міндетті, оларға зейнетақы, медициналық сақтандыру ұсынылады. Францияда шағын кәсіпкерлерге арнайы жеңілдетілген салық режимдері бар. Еуропалық Одақ елдерінде кәсіпкерлікті дамытуға арналған түрлі гранттар, оқыту бағдарламалары және бизнес-инкубаторлар бар. Жапонияда өзін өзі жұмыспен қамтушылар арасында шағын өндіріс, қолөнер, ауыл шаруашылығы және технология салалары дамыған. Мемлекет кәсіпкерлерді қолдау үшін арнайы бағдарламалар әзірлейді, оның ішінде шағын және орта бизнеске арналған қаржылық қолдау бар. Сонымен қатар, Японияда стартаптар мәдениеті дамыту арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту үрдісін қалыптасыруда. Оңтүстік Кореяда өзін өзі жұмыспен қамтуға арналған білім беру және қолдау бағдарламалары жақсы ұйымдастырылған. Жастар арасында фриланс және цифрлық кәсіпкерлік (цифрлық платформалар арқылы қызмет көрсету) танымал. Мемлекет шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие берумен және субсидиялармен қолдау көрсетеді[4].

Жалпы өзін өзі жұмыспен қамтудың шетелдік тәжірибесінен алынатын сабақтар: Қаржылық қолдау мен жеңілдіктердің болуы. Кәсіпкерлерге және фрилансерлерге салықтық жеңілдіктер мен несие беру. Әлеуметтік қорғау жүйесі. Өзін өзі жұмыспен қамтушылардың әлеуметтік сақтандыруға қосылуы. Оқыту және дамыту бағдарламалары. Кәсіпкерлік негіздері бойынша тренингтер мен семинарлар. Цифрлық платформаларды дамыту. Қызмет көрсету, сауда жасау үшін онлайн платформалардың болуы. Заңнамалық қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлікті тіркеу мен жүргізуді жеңілдетуді оңтайландырған бағыттар ретінде жүргізудің басымдығына көңіл бөлу.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта Қазақстан өз-өзін жұмыспен қамтуды таңдайтын және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмейтін адамдардың саны айтарлықтай көп. Кейбір азаматтар үшін өзін-өзі жұмыспен қамту мәжбүрлі таңдау болса, көптеген адамдар үшін бұл еңбек қызметінің негізгі табыс көзі болып табылады. Сонымен қатар, ресми жұмысты қосымша табыс табу жолдарымен үйлестіретін тұлғалар тобы да бар, бұл өз кезегінде алынған кірістердің бір бөлігін көлеңкелі экономикаға айналдыруға мүмкіндік береді.

Көптеген өзін-өзі жұмыспен қамтушылар құқықтық қатынастар шеңберінен тыс қалып отырғандықтан, олардың қызметін мемлекеттік реттеу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл реттеу тек салық салу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік кепілдіктер мен құқықтық қорғауды осы топқа кеңейту тұрғысынан да маңызды.

Қазіргі уақытта жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтуды қалыптастыратын көптеген әртүрлі факторлар мен себептер бар.

Демографиялық фактор	Экономикалық фактор	Әлеуметтік фактор	Мекемені басқару факторы
Туылымның өзгеруі	Ұлттық өндіріс	Білім сапасы	Үкіметтің әрекеттері
Жас ерекшеліктер	Инвестициялар белсенділігі	Денсаулық деңгейі	Еңбекті ұйымдастыру
Өмірдің жалғасуы	Ақша саясаты	Еңбекке ынталандыру	Мемлекеттік қызмет және еңбек биржасы
Көші қон өзгерістері	Баға деңгейі	Кәсіподақтың дамуы	халықты ақпараттандыру

Сурет 1-Жұмыссыздық деңгейіне әсер ететін факторлар

Айта кету қажет, жұмыссыздыққа әсер ететін факторлар мен өзін-өзі жұмыспен қамтуды қалыптастыратын факторлар айтарлықтай ерекшеленеді. Сондықтан әрбір факторды жеке-жеке қарастыру қажет.

Көптеген зерттеушілер жұмыссыздыққа әсер ететін факторлардың көп екенін атап көрсетеді. Негізгі факторлардың ішінде көптеген экономистер экономикалық конъюнктураны ерекше көрсетеді. Экономикалық конъюнктура жұмыссыздыққа ықпал ететін ең күшті факторлардың бірі болып табылады.

Аталған фактордың құрамдас элементтері ретінде экономиканың жағдайы, жалпы ішкі өнімнің өсуі немесе төмендеуі, инфляция және инвестициялық климаттың жағдайы аталады. Сонымен қатар, бұл факторда әсер ететін басқа да маңызды аспектілер бар.

Инвестициялық бағдарламалардың жұмыссыздық деңгейіне әсері де маңызды элементтердің бірі болып табылады [5].

Қазақстан экономикасының құрылымдық ерекшеліктері, әлеуметтік-демографиялық жағдайлары және институционалдық саясаттың даму деңгейі қазіргі кездегі жұмыссыздық деңгейі мен өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуына тікелей ықпал етуді. Жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту көпфакторлы құбылыс ретінде байқалуда. Экономикалық құрылымдық факторлар жағынан қарағанда Қазақстан экономикасының мұнай-газ секторына және шикізат экспортқа тәуелділігі ұлттық еңбек нарығында жұмыс орындарының тұрақсыздығына әкеледі. Өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларының әртараптандыру процесінің баяу жүруі жұмыс орындарының шектеулі болуына, әсіресе ауылдық аймақтарда өзін-өзі жұмыспен қамту қажеттілігінің артуына себеп болады. Әлеуметтік-демографиялық факторлар тұрғысынан қарағанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы білім беру жүйесінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай келмеуінен туындайтын маңызды мәселе. Сонымен қатар, ауылдық аймақтарда жұмыспен қамтудың шектеулілігі халықтың қалаға көшуіне, бірақ қаладағы еңбек нарығында бәсекелестіктің артуына әкелуде. бұл жағдай өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуіне әсер етеді. Технологиялық және білім беру факторлары бойынша елімізде заманауи технологияларға сұраныстың артуы еңбек нарығының құрылымын өзгертуде. Жаңа экономикалық талаптарға сәйкес мамандарды даярлау жүйесі әлі де жетілдіруді қажет етеді, бұл жұмыссыздықтың өсуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қайта даярлау мен кәсіби дамудың жеткіліксіздігі өзін-өзі жұмыспен қамтуды арттыру қажеттілігін туындатады. Институционалдық және заңнамалық факторлар жұмыс орындарын құру мен кәсіпкерлікті дамытудағы әкімшілік кедергілер, салықтық және құқықтық қиындықтар кәсіпкерлікке деген ынтаның төмендеуіне әкеледі. Мемлекеттің еңбек нарығын реттеу және жұмыссыздыққа қарсы шараларының тиімсіздігі де өзін-өзі жұмыспен қамтудың артуына себепші болады. Психологиялық және мәдени факторлар қоғамында тұрақты жұмысқа деген сенім мен мемлекеттік қызметке ұмтылыс әлі де басым. Кәсіпкерлік бастамаларға деген сенімсіздік, тәуекелге бейімділіктің төмендігі өзін-өзі жұмыспен қамтудың дамуын тежейді [7,8].

Қорытынды

Қазақстандағы жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың негізгі факторлары экономикалық құрылымдық ерекшеліктер, жастардың еңбек нарығына бейімделуінің төмендігі, технологиялық трансформацияларға жауап берудегі білім жүйесінің әлсіздігі, кәсіпкерлікті дамытудағы институционалдық кедергілер және мәдени-әлеуметтік көзқарастардың ықпалы. Осы факторларды кешенді түрде зерттеп, оларды шешуге бағытталған тиімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру арқылы ғана жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, өзін-өзі жұмыспен қамтуды арттыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. А. Д. Айгумов, Д. М. Айгумов, З. Р. Айгумов Безработица и самозанятость: главные факторы и их влияние на экономику. Основы экономики, управления и права. 2022. № 3 (34). Бет 14-19.
2. Калмыков С. П., Родионова Т. П. Кризис жағдайында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шешуші факторлары ретінде халықтың шағын кәсіпкерлігі мен өзін-өзі жұмыспен қамтуы // Непрерывное профессиональное образование: теория и практика: IX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018. Бет 295-297.
3. Курдюмов А. В., Шеина Е. Г., Давлетбаева А. Р. Жұмыссыздықпен күрес жағдайында шағын кәсіпкерлікті дамытудағы өзін-өзі жұмыспен қамту стратегиясы // Алтай экономика және құқық академиясының хабаршысы. 2022. № 11-2. Бет 267-272.
4. Максимович Л. В. Жұмыссыздықты азайтудың факторы ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту // Қазіргі қоғамдық дамудың негіздері мен парадигмалары: ғылыми жинақ. Ресей философиялық қоғамы, Саратов техникалық университеті; ред. А. С. Борщов. Саратов, 2005. Бет 183-186.
5. Мусаева Г. И., Файзрахманов Д. И. Аймақтық еңбек нарығын реттеу механизмі // Қазан мемлекеттік ауыл шаруашылығы университетінің хабаршысы. 2017. Т. 12, № 1 (43). Бет 100-107.
6. Шеина Е. Г., Давлетбаева А. Р., Кабисова Т. К. Шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі өзін-өзі жұмыспен қамтуға мемлекеттік қолдау // Шағын кәсіпкерлікті сыртқы шектеулер жағдайында қаржылық-инвестициялық қолдау механизмі қалыптастыру (РФ және РЮО мысалында): Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / ред. Ж. Г. Кочиева. Владикавказ, 2023. Бет 32-40.
7. Ящук Ю. С. Аймақтарда жұмыссыздық деңгейін төмендетудің факторы ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту // Ғылым мен қоғамның кооперациясы – модернизация мен инновациялық дамуға жол: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Стерлитамак, 2020. Бет 124-128.
8. Regional and branch economy Научный журнал на тему: Экономика и бизнес, 2005, № 5, С. 11-20 <https://cyberleninka.ru>

С.С. Ыдырыс¹, Б.Д. Бекназаров^{2*}

¹д. э. наук, профессор Международный университет туризма и гостеприимства г.Туркестан, Казахстан

²старший преподаватель Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

***Корреспондент авторы:** bakytt.8080@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ БЕЗРАБОТИЦЫ И САМОЗАНЯТОСТИ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Исследовательская работа направлена на выявление и анализ основных экономических, социальных, технологических и институциональных факторов, влияющих на формирование безработицы и самозанятости в Казахстане. Кроме того, предполагается изучить влияние показателей безработицы и самозанятости на национальную экономику. Результаты исследования послужат основой для выработки предложений по совершенствованию государственной политики для повышения эффективности труда и обеспечения экономической стабильности. Подчеркивается, что оцифровка экономики и технологические изменения способствуют росту самозанятости, способствуя созданию возможностей для работы на дому и интернет-бизнеса.

Ключевые слова: безработица; самозанятость; экономика; экономическая нестабильность; трудовая деятельность

S. S. Ydyrys¹, B.D.Beknazarov^{2*}

Doctor of Economic Sciences, Professor International University of Tourism and Hospitality
Turkestan, Kazakhstan

Senior lecturer M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

***Correspondent авторы:** bakytt.8080@mail.ru

KEY FACTORS OF UNEMPLOYMENT AND SELF-EMPLOYMENT AND THEIR IMPACT ON THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN

Abstract

The research work is aimed at identifying and analyzing the main economic, social, technological and institutional factors influencing the formation of unemployment and self-employment in Kazakhstan. In addition, it is planned to study the impact of unemployment and self-employment on the national economy. The results of the study will serve as a basis for developing proposals for improving government policy to increase labor efficiency and ensure economic stability. It is emphasized that the digitization of the economy and technological changes contribute to the growth of self-employment, contributing to the creation of opportunities for work from home and online business.

Keywords: unemployment; self-employment; economy; economic instability; labor activity

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат:

Бекназаров Бакыт Доктырбаевич- «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан E-mail: bakytt.8080@mail.ru

Бекназаров Бакыт Доктырбаевич - старший преподаватель кафедры «Экономика» Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, E-mail: bakytt.8080@mail.ru

Beknazarov Bakyt Doktorbaevich - Senior lecturer of the Department of « Economy » M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

E-mail: bakytt.8080@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-0518-2398>